

Идеологиялық жұмыстарды жүйелеуге кең мүмкіндіктер ашылды



Жарияланғанына алты жылға жуықтаған «Рухани жаңғыру» бағдарламасында айтылған міндеттердің қай-қайсысы да еліміз үшін аса маңызды. Білім-ғылым саласының өкілі болғандықтан бізге ең алдымен осы мақаладағы білім мәселесіне арналған «Білімнің салтанат құруы» атты бөлімнің орны ерекше.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында іс-шараларды жүзеге асыру жұмысы — оқу-біліммен, ғылыммен тығыз байланыста атқарылатын жүйелі үдеріс. Мұны күнделікті өмір тәжірибесі көрсетіп келеді. Алайда, бұл бағдарламада табысты болудың ең іргелі факторы ретінде білімге мән берілумен қатар, тәрбие мәселесіне де баса назар аударылған. Өйткені, тәрбие мен білім — егіз ұғым. Жастар жан-жақты білім алумен бірге, өздерін-өздері жетілдіруге тұрақты түрде талпынатын, рухани тұрғыда дамыған, толыққанды тұлға болып қалыптасуы тиіс. Білімді, өз мамандығының қыр-сырын жете меңгерген әрі рухани тұрғыда дамыған адамдар ғана заманның жаңа талаптарына сай қоғам дамуына өзіндік үлес қоса алады. Сондықтан ұстаздар қауымының басты міндеті — жастарға терең білім мен өнегелі тәрбие беру, сол арқылы ұрпақ бойына ұлттық кодты сіңіре білу. Осыны жан-тәнімізбен сезініп, рухани жаңғыру шараларын жүргізуді жарқын болашаққа бағдар ретінде қабыл алуымыз керек.

Жастарды қоғамға керекті маман, саналы азамат, ұлттық мүдде жолына қызмет ететін, Отанын, өлін сүйетін қайраткер етіп тәрбиелеу жолында М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың «Дене тәрбиесі теориясы мен әдістемесі» кафедрасының ұжымы да тынбай еңбек етуде. Біз болашақ дене шынықтыру және алғашқы әскери дайындық пәні мұғалімдерін, туризм саласын өрге сүйрейтін мамандарды даярлайтын болғандықтан, студенттерімізді патриот,

рухты, намысты, салауатты өмірді ұстануға тәрбиелеуге міндеттіміз: «Спорт және туризм» факультеті түрлі спорттық жарыстардан бөлек әскери жарыстар, туризм саласының мамандарына өлке, ел-жер тарихын терең меңгерту үшін саяхаттар ұйымдастырып тұрады. Спорттық жарыстар жастардың рухын оятып, намыстарын жаныса, тарихи орындарға саяхат ой-өрістерін дамытуға, осы арқылы қоғамдық саналарын жаңғыртуға мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, «Рухани жаңғыру» еліміздегі білім берудің бүтіндей жүйесінің, оның ішінде жоғары мектеп үшін айрықша «мүмкіндіктер кеңістігіне» айналуға. Сонымен қатар бұл бағдарлама тәрбие мен идеологиялық жұмыстарды жүйелеуге кең мүмкіндіктер ашып отыр. «Дене тәрбиесі теориясы мен әдістемесі» кафедрасында оқу-тәрбие жұмыстарының жоспарына осы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы жүктеген міндеттер кеңінен енгізілген. Бұл — негізінен қоғамдық сананы жаңғыртуға серпеліс беретін бағдарлама. Сондықтан біз ең алдымен өз студенттеріміздің санасын өзгерте отырып, қоғамдық сананы жаңғыртудың қозғаушы күші болуға жұмыс істеп жатырмыз.

Айдархан БАЛАБЕКОВ,
М.Әуезов атындағы
ОҚУ-дың «Дене тәрбиесі теориясы
мен әдістемесі» кафедрасының
доценті, педагогика
ғылымдарының
кандидаты.